

# І ТУЫ

МИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

июль Жексенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

*Облысымыздың еңбекшілері! Социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жөнінде Сталин жолдасқа жазған хатта алған көтеріңкі міндеттемелерді аброймен орындап шығайық, сөйтіп, мал шаруашылығын өркендетуде келелі табыстарға жетейік!*

## імдерін кезеңі

қосшыларды бөліп, у керек. Көптеген алшылар тұрақтан- жиі ауыстырыла маман мал өсіруші сөйтіп, малға жет- ай, оның шығынға ейлігіне аз беруіне

орің бірі — сүт еке- колхоз және совхоз ндауға жете назар рдың сүттілігін арт- айып бағуды үлгілі Барлық мал ферма- рларды түнде бағу ұл арада мынаған ерек. Мал жайылы- , ол тиімді пайдала- йдылардың ұқып- үздігі кесілді ты- удың басты бір ар арасында сө- кеңінен өрістетіп, пен арттыру, сыйыр -малдәрігерлік ере- у, ғылым мен озат батыл қолдану.

## Жемшөптің мол қорын жасау — аса маңызды міндет



### МАЛШЫЛАРДЫҢ СӨЗІ МЕН ІСІ

Совет совхозының машинистері ондү- тік қазақстандықтардың үндеуін жаппай қостап, өздеріне ұлғайтылған міндетте- лер алған болатын. Мал азығын дайын- дауда алған мұндай көтеріңкі міндетте- лерін аброймен орындау жолында жана- май еңбек етіп, машинистер күрделі та- быстарға жетіп жүр.

Шөп шабуда № 2 бөлімшенің маши- нистері айтарлықтай табыстарға жетті. Бұл бөлімше шөп шабу жоспарын совхоз- да бірінші болып орындап шықты. Мұнда 1100 гектар орнына, 2 июльге дейін 1100 гектар жердің шөбі шабыл- ды. Бөлімше коллективі тағы да бір мың гектар жердің пішенін шабуға ұйға- рып отыр.

Осы бөлімшенің көптеген машинистері өздігінен жүретін шөп машинасымен 12 жұмыс күні ішінде 445 гектар жердің пішенін шапты да, 200 килограмна жанап майын үнемдеді. Тракторға тір- келген кең алымды шөп машинасының машинисі Л. Шлеп жолдас күн сайын 24—25 гектар шабындықтың пішенін шауып, 215 килограмм жанап, жағар майын үнемдеп, ол маймен жұмыс істеді.

ормындан жур. Н. Пономаренко жолдас басқарған звеноның мүшелері С. Кенже- беков және П. Буб жолдастар смена са- йын 100 центнер орнына, 120 центнер шөп маялайды.

№ 4 бөлімшеде де мал азығын дайындау қызу қарқынмен жүргізіліп келеді.

Совхозда кең алымды және өздігінен жүретін шөп машиналары, сол сыяқты, келік шөп машиналары үздіксіз жұмыс істеді. Шөп шабу және маялау жұмыс- тары арасында ешбір алшақтық жоқ. Қай бөлімшеде болсын шөп шабылысымен жыйналып, маяға салынуда. Осының нә- тижесінде кәзірдің өзінде 2600 гектар жердің шөбі шабылып, 8 мың 500 цент- нер шөп маяланды. Барлық бөлімшелерде шөп мал қоралары жанына тасылып жа- тыр.

Совхоз пішеншілері Сталин жолдасқа жазған хатта алынған міндеттемелерді мінсіз орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, мал азығы- ның берік қорын жасамақ, сөйтіп, қо- тамдық мал шаруашылығын өркендетіп,



ғы жерінің жоспар орындалған жоқ.

Мал шаруашылығы өнімдерінің халық шаруашылығы үшін маңызы өте зор. Олай болса, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық орындары мал өнімдерін дайындау ісіне күнбе-күн нақты басшылық жасап, әрбір колхоз бен совхозда мал өнімдерінің мейлінше көп дайындалуын қамтамасыз етулері керек.

Мал шаруашылығы өнімдерінің көп дайындалуы малдың ұдайы жақсы күтімде болуына байланысты. Осыған сәйкес әрбір шаруашылықта мал бүкіл жыл бойына тынғылықты күтімге алынысын. Бұл үшін мал шаруашылығында жұмыс іс-

дерін дайындау жөніндегі жоспардың әрбір колхоз бен совхозда толық орындалуына жетісу. Бұл үшін мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың ең шешуші кезеңі — жазғы-күзгі маусымда малды жайып бағуды тыңғылықты ұйымдастыру керек.

Облысымыздың еңбекшілері! Социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жөнінде Сталин жолдасқа жазған хатта алған көтеріңкі міндеттемелерді аброймен орындап шығайық, сойтіп, мал шаруашылығын өркендетуде келелі табыстарға жетейік!

## Ғалымдардың лекциялары

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Қазақ ССР Ғылым академиясының Алтай кен-металлургия ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Әби Әбланов Ертіс полиметалл комбинатының клубында «Металлургия мен түсті металдар саласындағы орыс ғалымдары» деген лекция оқыды. Бұл — саяси және ғылыми білімдерді тарату Қоғамының Шығыс Қазақстан бөлімшесінің тапсыруы бойынша оқыған Әбланов жолдастың екінші лекциясы.

Институттың басқа ғылыми қызметкерлері де мазмұнды лекциялар жазып, халыққа оқып берді. Химия ғылымының кандидаты Раиса Коростышевская орыстың ұлы хи-

мигі Менделеев туралы, геология-минералогия ғылымының кандидаты Петр Иванкин жер бетінде таулар мен материктердің пайда болуы туралы, экономика ғылымының кандидаты Яков Заплавный — түсті металлургия кәсіпорындарында өнімнің өзіндік бағасын кеміту жолдары туралы лекциялар жазды.

Институттың қызметкерлері ғылыми және ғылыми-өндірістік тақырыптарда быыл небәрі 20-ға жуық лекция әзірледі. Бұл лекциялардың бәрін де Қоғамның бөлімшесі мақұлдап, Кенді Алтайдың еңбекшілері ол лекцияларды сүйсініп тыңдауда.

## Ақтөбедегі көшпелі көркемсурет көрмесі

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Кеше облыстық Мәдениет үйінде республиканың 27 суретшісінің көркемсурет және графика шығармаларының көшпелі көрмесі ашылды. Қазақ ССР халық суретшісі Қастеев жолдастың, республиканың искусствоға еңбек сіңірген қайраткері Белов жолдастың шығармаларымен қатар көрмеге Алматының театр-көркемөнер училищесін бітірген Тапсықбаев, Рахимов, Горовых және басқа жолдастардың шығармалары да қойылған.

Көрмеге қойылған картиналарда совет адамдарының тамаша образдары, олардың

бейбітшілік игілігіне арнаған жанкыярлық еңбегі бейнеленген. Қазақтың ағартушы қайраткерлері Шоқан Уәлихановтың, Абай Құнанбаевтың, сталиндік заманның жырышы Жамбылдың образдары бейнелейтін картиналар халықтың назарын аударады. Көрмеде социалистік Қазақстанның жана бейнесін айқын көрсететін картиналар үлкен орын алады.

Көрмені көрушілерге орыстың бейнелеу искусствосы классиктерінің және аса көрнекті совет суретшілерінің творчествосы туралы лекциялар оқылуда.

леді. Колхоздардың басым көпшілігінде мал азығын дайындау жоспары осы уақытқа дейін небары 15—20 проценттей ғана орындалды. Ауданда шөп шабу және жыйнау жұмыстары арасында үлкен алшақтық бар. Колхоздардың көпшілігінде дерлік шөпті шабылысымен іле-шала жыйнау, маялау ойдағыдай ұйымдастырылмаған. Аудан бойынша 40 мың центнердей шөп жыйналмай шабылған күйінде жатыр.

Жекелеген колхоздарды алатын болсақ, жағдай өте-өте нашар. Мысалға «Труд гурток» және Жамбыл атындағы колхоздарды алайық. Бұларда шөп шабу өте баяу. Осымен бірге, шабылған шөпті жыйнап, маяға салу да ойсыраған олқылықта. «Труд гурток» колхозында (председателі Порошков жолдас) 3 мың центнердей, Жамбыл атындағы колхозда (председателі Абдуллин жолдас) екіжарым мың центнердей шөп маялапбай, шабындықта жатыр.

Шөп шабу және жыйнау жұмыстарының арасында үлкен алшақтықтың орын алуының сыры неде? Мұның ең басты себебі — колхоз басшылары мал азығын дайындауға жеткіліксіз басшылық жасап жүр. Олар ең алдымен қолда бар күш-мүмкіншілікті мал азығын дайындауға түгел жұмылдыра алмай келеді. Аталған колхоздарда еңбек өнімділігін арттырудың бірден бір тиімді әдісі — ішпеншілердің социалистік жарысына басшылық мүлдем нашар. Үгіт-бұқаралық жұмыстарының жайы да дәл осындай. Мұның өзі мал азығын дайындау жұмыстың сапасы нашарлап, қарқынның бәсеңдеуіне әкеліп соғып отыр. Көптеген шаруашылықтарда шөп шабу және жыйнау жөніндегі күндік және бескүндік график ұдайы орындалмай, бұл жұмыстар арасында үлкен алшақтық болып отырса, ол ең алдымен еңбек ұйымдастыру ісінді жолға қойылмауының салдары.

Жалғыз бұл колхоздар емес, шөп шабу және жыйнаудың барысы Жданов атындағы колхозда (председателі Еленбаев жолдас) және Аманкелді атындағы кол-

хоздарда да осылай. Бұл колхоздарда да шөптің аталған участоктері үздік-создық жүргізіліп келеді. Шабылған шөп құнарлы күйінде жыйналмайды да, маялапбайды да. Ауданның алдыңғы қатарлы колхоздары жемшөпті осы күннен мал қоралары жанына тасып жатыр. Алайда, жоғарыда аталған колхоздарда бұл жұмыс мүлдем қанағаттанғысыз жүргізілуде. Күш-мүмкіншіліктің жеткілікті болуына қарамастан Аманкелді атындағы колхозда 500 центнердей және Жданов атындағы колхозда 300 центнердей ғана шөп мал қоралары жанына тасылды.

Базір мал азығын дайындаудың ең шешуші кезеңі туды. Сондықтан аудан басшылары бұл күндерде шөп шабуға жеткілікті басшылық жасап, құнарлы мал азығының әрі тез, әрі көп дайындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мал азығын дайындау жоспарын толық орындау үшін шөп шабу және жыйнау жұмыстары арасындағы алшақтықты мүлдем жою қажет. Өйткені, шөп шабумен мал азығын дайындау жолындағы күрес бітпейді. Олай болса, істің тетігі — шөпті шабылысымен жыйнап маяға салуда, оны түгелдей мал қоралары жанына тасып алуда. Демек, жыйналып маяға салынған және мал қоралары жанына тасылып алынған шөп ғана дайындалған мал азығы болып саналады.

Шөп шабу және жыйнау арасындағы алшақтықты болдырмау үшін жұмыстың бұл участоктеріне күш-мүмкіншілікті жеткілікті бөліп, ішпеншілер арасында социалистік жарысты кеңінен өрістету керек, сойтіп, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жетісу керек. Тек осы жағдайда ғана шөп шабу және жыйнау арасындағы алшақтықты жойып, мал азығын дайындауда күрделі табыстарға жетуге болады.

Бұл міндеттің ойдағыдай жүзеге асырылуын ұйымдастыру — аудан партия ұйымдарының және колхоз, совхоз бен МТС басшыларының ең басты міндеті.

**М. ӘНИМЖАНСВ,**  
(Өз тілшіміз).

мен үшін, кедергі болса, председателі:

—Иван, өнімді болса жасады. М

—Иван, са, ерінбей болды.

Үш жылды әжептәудей үйренбей жөндеуге абулар жет

—Иван сы капитал берікпен

МТС-тің пікірінің ша да іс жүзін табысқа жет

Комбайн болса, оның

сыз жұмыс байның бір әзір болмаса ленген тапс болмайды. Жаңа табыс әзірлік керек осында.

Мен өзім алдында әрі шығарамын. кезекті жөн оны қосым Мұның үсті МТС-тің мал рет бақылау дала кемесі өзінің жеміс

1946 ж болхозында істедім. Кол жаман болса жыйнау едә

тиясының 1924 жылы қабылданған программасына негіз болған үш принципін (ұлт мүддесі, халық билігі, халық бақыты) ұран етіп көтеріп, сол үшін күрестіндігін білдірді.

Осы үндеуде Шаньсидегі Совет өкметі Қытайда болашақта болуға тиісті демократиялық құрылыс негізінде қайта құрылатындығы айтылды. Сөйтіп, Шаньси — Ганьсу — Нинься шекаралық Ерекше аудан пайда болды.

Компартия Қызыл Армияның 8 халық-революциялық армия деген атпен қайта құрылып, бұрынғы командалық құрамын сақтай отырып, жалпықытайлық соғыс кеңесіне бағынатындығын білдірді.

Гоминданның Орталық Атқару Комитеті 24 сентябрьде жариялаған үндеуінде демократиялық күштерге қарсы азамат соғысын тоқтататындығын, халыққа сөз, баспасөз, қоғамдық ұйым бостандығын беретіндігін және саяси тұтқындарды түрмеден босататындығын мәлімдеді.

Бірақ, кейінгі оқиғалар, бұлардың бәрі алдау, бос лепірме сөздер екендігін көрсетті.

Коммунист партиясы бастаған Ерекше аудан жапон басқыншыларына қарсы бұйықхалықтық күрестің өнегесі болды. Халық бұқарасы елдің бостандығы мен азаттығы үшін соғысқа көтерілді.

ды, жапондықтардың қалағанын беріп, бітімге келу керек деген зиянды пікірге салынды.

1938 жылы Қытай Қызыл Армиясының оңтүстік-шығыста қалған бөлімдерінен 4 халық-революциялық армиясы құрылған болатын. Бұл армия жау басын алған Нанкин — Шанхай — Ханчжоу аймағында басқыншыларға қарсы соғысты қызу өрістетті.

Жапон басқыншыларынан азат етіліп, демократиялық тәртіп орнатылған Хэбэй — Чахар — Шаньси шекара ауданы (20 миллиондай халқы бар), Шаньси — Суйюань, Шаньси — Хэбэй — Хэнань аудандары сыяқты халықтық үкметтері бар аудандар пайда болды. Шань-дун провинциясында да азат етілген аудан пайда болды. Сол сыяқты, Орталық және Оңтүстік Қытайда партизан базалары болды. Бұл жерлер Азат етілген аудандар деп аталды. Азат етілген аудандардың саяси орталығы Яньань қаласы болды.

Яньаньға елдің таңдаулы патриоттары, әсіресе, жастар түйдек-түйдегімен келіп жатты. Яньаньды сол кезде «жастардың қаласы» деп атайтын болды. Мұнда әскери-саяси академия ашылды. Академияда елдің таңдаулы патриот жастары оқып шығып жатты.

Қытайдың жапон империалистеріне

жерлері азат етілді.

Сөйтіп, қытай халқының сегіз жылдан астам созылған азаттық соғысы жеңіспен аяқталды. Шығыс Азияны жапон империализмінің езудың азат етудің алты жылдығына байланысты Сталин жолдас былай деп жазды:

«Қытай халқы және оның азаттық армиясы гоминданның әдіс-айласына қарамастан, жапон империалистерін жою ісінде зор роль атқарды. Қытай халқының және оның азаттық армиясының күресі, Жапонияның агрессиялық күштерін талқандау ісін негізінен жеңілдетті».

Совет Одағының Батыста фашистік Германия мен Шығыста империалистік Жапонияны талқандауы, Қытайдың Жапонияға қарсы соғысының жеңіспен аяқталуы ұлы қытай халқының империалистер мен помещиктер үстемдігін біржола құлатуын жеңілдетті. Қытайда көзір халық диктатурасы салтанат құрып отыр. Жеңіп шыққан халық революциясы қытай халқына жеңімпаз күш бітірді. Қытай халқы дамудың социалистік жолына түсуге мүмкіншілік алды.

Көзір Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық Қытай Шығыстағы бейбітшіліктің берік тірегі болып отыр.

Ә. НӘКІМЖАНОВ.

## Еліміздің ет комбинаттарына арналған жабдықтар

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Семей ет-консерв комбинатының жөндеу-механика заводы еліміздің ет комбинаттарына арналған жабдықтарды тұңғыш рет көптеп шығаруға кірісті. Кәсіпорын станоктің, машинаның, тетіктердің, аспап-сайманның ондаған түрін жасап шығарады. Мұның біраз бөлігі жергілікті өнертапқыштардың чертеждері бойынша жасалуда.

Конструктор Черепанов жолдастың ұсынысы бойынша консерв банкаларына вазелин жағатын машина жасалды. Бұрын банкаға вазелин жағуда 20 жұмысшы істейтін. Көзір бұл жұмысты бір адам басқаратын машина атқарады. Черепанов жолдастың чертеждер бойынша малдың мүйізін кесетін ара, сұйық препараттар

құятын станоктер, консерв банкаларын жөшікке салатын машина жасалуда.

Завод сүйектің қалдықтарынан түйме жасайтын және конвейерлер мен транспорттерлерге, үздіксіз жұмыс істейтін тораптарға керекті тетіктер жасайтын станоктер шығаруға кірісті.

## Пионерлер лагері

Полтавка балалар үйінде (Совет ауданы) пионер лагері ашылды. Ол Полтавка селосының маңындағы әсем ағаштардың ішіне орналасқан.

Быйыл бұл лагерьде балалар үйінің 200-ден астам тәрбиеленушілері тынығады. Олар үшін мұнда қолайлы жағдай жасалған. Бөлмелер мен шатырлар жақсы жабдықталып, қызыл мүйіз ұйымдастырылған. Онда кітап қоры мол, дойбы, домно, шахмат бар.

## ЖАҢА КЛУБ

Қонохов ауданындағы «Красная крепость» колхозының мүшелері быйыл көптеген жаңа құрылыстар салуды жоспарлаған болатын. Көзіргі уақытта жаңа құрылыстар салу жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Жұырда 150 адам сыятын жаңа клубтың құрылысы аяқталмақ. Клуб ішінде оқу үйіне арналған бөлек кабинет болады.

ГААГА, 4 июль. «ранг» газетінің хабары бойынша (Индонезия) дардың үлкен көтерісін астам Сурқындары түрменін дандырып, олардың рабиндерін тартып

Июнь айы ішінде мөлшердегіден 1 градус жоғар және бесінші беск температура 30-32

Көктемнің ұзаққа ауа райының суық жылып, ағаштар мен жылы жақтан келетін келді. Тек май айы гінде ғана ауа тем көтерілуі нәтижесінде төктей бастады.

## ӘРТҮРЛІ ТРАНСПОРТ ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ЖӘНЕ АСІСІНЕ

ССРО Әуе Кодексіне және еңбекшілер депутаттары Пленумының 1952 жылғы 28 майдағы қаулысына сәйкес аэродроммен және Новоленинский мен Восточный көшелерінен кіреді және аяқталған транспорттармен және жаяу салынады.

Айыпты адамдарға 100 сомнан 250 сомға дейін айып салынады.

## 6 ЖАСАР ЖИРЕН ТӨБЕЛ АТ ЖОҒАЛДЫ

Жанбасында 29 цифрдың таңбасы бар.

Көрген білгендер болса «Қазтабаксырьен»ның Мамлют дайындау пунктіне хабарлауларын сұраймыз.

Барлық мақалаларымыз

Жұмысқа қабылданатын адамдар жатақханаға етіледі.

Адрес: Қала сарайына жатқан

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс

## риалистеріне қарсы алғанына 15 жыл

анишла-  
Цзе-дун  
да. Бі-  
ар) жа-  
ытайды  
ақтар тез  
не баса-  
бастаған  
й шегін-  
29 июль-  
қаласы  
нді ба-

қарсы соғысының үшінші кезеңі 1941 жылы Совет Одағының Ұлы Отан соғысы басталумен қабысты.

Жапонияға қарсы соғыстың келешегі жөнінде бұл кезеңде Қытайда екі бағыт болды. Гоминдан басшылары Тынық мұхиттағы соғыстың тағдырын одақтастар шешеді, сондықтан Жапонияға қарсы күш жұмсағанның гөрі коммунист партиясын және оның қарулы күштерін талқандаумен айналысу керек деген саясат ұстады.

Коммунист партиясы, мұның керісінше, елдің барлық күштерін біріктіріп, Жапонияға қарсы соғысты күшейту саясатын ұстады. Ол демократиялық конституция жасап қабылдау үшін ұлт жыйылысын шақыруды және Жапонияға қарсы соғысты ойдағыдай жүргізу үшін біріккен үкмет құруды талап етті.

Чан Кай-шидің реакциялық саясатын АҚШ елшісі Н. Херли мен АҚШ-тың Қытайдағы әскерлерінің команданысы Ведемейер қолдап отырды.

Сөйтіп, гоминдан әскерлері белсеніп сорғысады, мұның өзі гоминдан әскерлерінің 1944 жылы елеулі жеңіліске ұшырауына әкеп соқты.

Совет Одағының Ұлы Отан соғысында өзгеріс тууы дүниежүзілік соғыстың Тынық мұхит майданына әсерін тигізбей қоймады. Европада екінші майдан ашылуға байланысты, АҚШ-тың Тынық мұхит майданында белсене соғысып, Жапонияның жағдайын ауыратып жіберуге мүмкіншілігі болды. Сондықтан Жапония Қытайдың стратегиялық маңызы бар жерлерін басып алуға асығып, шабуылға көшті. Жапон әскерлері 1944 жылы Чанша қаласын басып алып, Кантон — Канькоу темір жолына түгел ие болды, Гуйчжоу провинциясына кіріп кетті.



Петропавл станциясы вокзалының перроны соңғы жылдары бұрынғыдан да көркейтілді. Перрон түрлі көркейткіш ағаштармен көгалдандырылған.

СУРЕТТЕ: Вокзал перронының бір түрі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің семинары

Жуырда қалада өткізілген, мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің 15 күндік облыстық семинарына мәдени-ағарту мекемелерінің 110 қызметкері қатысты.

Клуб қызметкерлерінің тобы семинардың барысында актерлік шеберліктің, көркемөнер дарындылары коллективінің режиссері жұмысының, тематикалық кештер, хор және би сабақтарын ұйымдастырудың және өткізудің негіздерін үйренді. Режиссерлік және актерлік шеберлікті үйрену жұмыстары «Жас гвардия» және «Бүргенді тоғай» пьесаларының материалдары бойынша жүргізілді.

Семинардан кейін оған қатысушылардың программа материалын қалай меңгерген-

## Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің төтенше сессиясы ашылды

БЕРЛИН, 1 июль. (СОТА). Бүгін Германияның астанасы Берлинде, Берлиннің камсыздандыру қоғамының үйінде Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің төтенше сессиясы ашылды.

Берлиннің орталығы жалаулармен және сессияға қатысушыларды құттықтайтын транспорттармен мейрамдағыша безендірілген. Рунгештрасседе, мәжліс болып жатқан үйдің алдында неміс астанасының көптеген адамдары Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мәжліске келген мүшелерін қуанышпен қарсы алды.

Күндізгі сағат 4-те Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшелері, қонақтар және баспасөз өкілдері мәжліс залына келіп, орын алды. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председатели профессор Фредерик Жолио-Кюри Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі бюросының мүшелері — Пьетро Ненни, Эжени Коттон, Александр Фадеев, Го Мо-жо, Илья Эренбург, Габриэль Д.Арбусье және басқалары қаты қолшапалақтау үстінде президиумын столына келіп отырды.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председатели профессор Жолио-Кюри сессияны ашып, бейбітшілік жолындағы күрескерлердің неміс комитетінің председатели профессор доктор Фридрихка сөз берді.

«Бейбітшілік жолындағы күрескерлердің неміс комитетінің атынан, — деп мәлімдеді профессор Фридрих, — және айта кетейін, бейбітшілікті қымбат санайтын барлық немістердің атынан, мен біздің төтенше сессиямызға қатысу үшін Германияның астанасына келген Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшелері мен қонақтарын құттықтаймын. Біз жай ойлап болжап үлгерместен-ақ Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бюросы өткен жылғы февральда өткізіліп, есте қалған біздің Берлин сессиясынан кейін Берлинді тағы да сессия жұмысының ор-

мен ғана шешілуі мүмкін деген сенімі ешбір кеміген жоқ, деп атап көрсетті.

«Боннда соғыс доғоворы «жалпы доғоворға» қатысушылардың қолдары қойылғаннан кейін және Парижда агрессиялық соғыс шартына қол қойылғаннан кейін, — деді бұдан кейін ол, Германиядағы оқылғалар өткен жылдың басындағыдан гөрі едәуір зор дәрежеде қазіргі соғыс қаупінің орталығына айналғанын және дүниежүзі бірінші жағынан, Батыс Германияда агрессияшыл милитаризмнің қайта қалпына келтірілуін, зор қауыппен көріп, екінші жағынан, неміс халқының бейбітшілікке ұмтылған жігеріне арқан сеніммен көз жіберіп отырғанын, біз түсінеміз. Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісіне қосқан біздің үлесіміз біздің отанымыздың батысы мен шығысында соғыс доғоворы деп әділетті атаған «Герман доғоворы» дейтінге қарсы біздің күресіміз болып табылады. Біз өзіміздің міндетіміз герман мәселесін бейбіт жолмен шешуді және отанымыздың бірлігін қалпына келтіруді көздеген күресімізді үздіксіз жүргізе беру деп білеміз».

Профессор Фридрих сөзінің қорытындысында Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің төтенше сессиясы біртұтас, демократиялық, бейбітшіл Германия құруға көмектеседі деп берік сенім білдірді.

Бұдан кейін үлкен Берлиннің обер-бургомистрі Фридрих Эберт құттықтау сөз сөйледі.

Осыдан кейін сессияда Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председатели профессор Фредерик Жолио-Кюри ұзақ кіріспе сөз сөйледі.

Мұнан соң сөз сөйлеген Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі бюросының секретары Джорджо Феноальтеа Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бюросы жасаған сессияның жұмыс тәртібі мен күн тәртібін сессияға қатысушыларға ұсынды. Күн тәртібіне мыналай үш мәсе-